

**«Қазақстан балалары шексіз әлемде!»
балалар киносының Республикалық фестивалінің облыстық кезеңін өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының облыстық кезеңін (бұдан әрі – конкурс) өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін, өткізу және қаржыландыру тәртібін анықтайды.
2. Мақсаты: үздік классикалық және заманауи өнер үлгілерін игеру және орындау, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау арқылы білім алушылардың тұлғалық рухани мәдениетін қалыптастыру.
3. Міндеттері:
 - 1) балалардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау;
 - 2) өскелең ұрпаққа қызықты болатын сұрақтар мен мәселелерді анықтау;
 - 3) кино және телевидение салаларында дарынды балалар мен жастарды іздеу және қолдау;
 - 4) шығармашылық тұлғаның өз ойын білдіру тәсілдерінің бірі ретінде фильмдер, жарнамалар, репортаждар жасау процесін ынталандыру;
 - 5) өнегелі, рухани және отбасылық құндылықтарды экран арқылы насихаттау;
 - 6) балалар мен жасөспірімдер жұмыстарының мәліметтер банкін қалыптастыру;
 - 7) балалар мен жасөспірімдердің, оның ішінде ауылдық жерлерде тұратын балалардың әлеуметтік және шығармашылық тұрғыда өзін өзі танытуға ықпал ету;
 - 8) іс-шараларға қатыстыру арқылы қосымша біліммен қамтылған балалар санын арттыру.
4. Конкурсты қашықтық форматта М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы өткізеді.
5. Конкурстың ұйымдастырушылары Ұйымдастырушы комитеті мен Әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

Конкурсты өткізудің уақыты және орны

6. Конкурс Павлодар облысында **2021 жылғы 1-18 сәуір** аралығында қашықтықтан өткізіледі.
7. Байқауға қатысу туралы өтінім және жұмыстар 1-қосымшаға сәйкес **2021 жылдың 18 сәуіріне** дейін **luch_studio@mail.ru** электронды поштасына қабылданады
8. Өтінімге қоса мыналар қажет:
 - 1) қатысушылар туралы мәлімет (Т.А.Ә., туған жылы, оқу орны, сыныбы, курсы және білім беру ұйымының мекенжайы, тұрғылықты мекенжайы, телефоны);
 - 2) қатысушылар мен команда жетекшісінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері.

3.3. Конкурсқа қатысушылар

9. Конкурсқа облыстың жалпы орта білім беру және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

4. Конкурсты өткізу шарты және тәртібі

10. Конкурса авторлық жұмыстар: дәстүрлі немесе сандық технологиялардың көмегімен– видеокамера, фотокамера және ұялы телефонға түсірілген, кейін монтаждalған (бейнежинақ) 3 минутқа дейінгі қысқа метражды фильмдер қабылданады.

11. Конкурс байқаулары келесідей номинациялар бойынша өткізіледі:

- 1) **деректі (ойынды емес) кино** – нақты оқиға негізінде алынған, адамдар, жағдайлар туралы туынды ;
- 2) **ойынды кино** – актерлік ойын, операторлық және режиссерлік өнер көмегімен түсірілген сюжетті туынды (ойдан шығарылған немесе нақты оқиға желісі бойынша) шығарма;
- 3) **STOP-MOTION-видео** – STOP-MOTION технологиясында жасалған сюжетті туынды. Фотокамераға түсірілген немесе видеолардан таңдап алынған кадрлардан тізбектей монтаждalған ролик;
- 4) **элеуметтік жарнама, элеуметтік ролик** – қоғамдағы мәселелерге көрермендердің назарын аударуға арналған қысқа жарнамалық хабарлама;
- 5) **анимациялық кино** – бейненің қозғалу иллюзиясын көрсететін компьютерлік немесе заттық мультипликациялық техникада орындалған кез-келген туынды;
- 6) **музыкалық клип** –авторлық көркем тұжырымдамасы бар және оны көрсету үшін бейнетехника мен компьютерлік өндеудің жаңашыл құралдарды пайдаланатын бейне;
- 7) **Теледидарлық сюжет** – елдің тыныс-тіршілігі, ішкі және халықаралық саяси уақиғалар және т.б. жөнінде қысқаша ақпарат беретін кинохрониканың түрі;
- 8) **киножурнал** – күнделікті өмірдің жеке көріністері мен кезеңдері туралы ақпараты бар қысқаметражды кинофильм;
- 9) **ең үздік операторлық жұмыс** .

10. Байқау жұмыстары келесі өлшемдер бойынша бағаланады:

- 1) *фильмде тарихи, көркем және мәдени мұраны бейнелеудің толықтығы;*
- 2) *тақырыпты ашыудың тереңдігі, танымдылығы мен мәдениеті;*
- 3) *тақырыптың өзектілігі, сезімдік әсері;*
- 4) *режиссёрлік және операторлық өнері (түсірілімнің күнделілігі, техникалық сапасы, бейнелеудің айқындылығы мен сапалы дыбысы, монтаждау өнері);*
- 5) *музыкалық сүйемелдеуі;*
- 6) *сценарлық жұмысы.*

11 . Байқау жұмыстарының мазмұнына қойылатын талаптар:

фильм мазмұнының тақырыпты ашуы;
өмір, жұмыс, балалар мен ересектердің қызығушылықтары, олардың армандары;
салауатты өмір салтын насихаттау;
мейірімділік және қайырымдылық таныту;
ұрпақтар диалогы;
қоршаған ортаның экологиясы және оны қорғау;
отансүйіштік қасиеттерді таныту және өз тілін үйренуге қызығушылық;
элеуметтік мәселелерді шешу идеялары.

12. Конкурстық жұмыстарды ресімдеуге қойылатын техникалық талаптар.

Бейненің форматы: **mp4** (16:9 горизонтальды бейне). Жұмыста видеофильмдерден алынған бейне, фото, интервью, блицсұрақтар, көркем суреттер мен титрлар, фрагменттер, музыка, кадр сыртындағы дыбыстар, видеофильмдерден алынған фрагменттерді қолдануға болады. Жұмыстың қысқаша сипаттамасында немесе титрде фильмде қолданылған материалдардың авторлары көрсетілуі тиіс.

13. Конкурса **бір автор бір фильмнен артық** ұсына алмайды. Конкурса ұсынылған фильмдер қайтарылмайды. Конкурса ұсынылған фильмнің дыбысталуы немесе бейнеленуінен ақауы бар материалдар байқауға қатыстырылмайды.

14. Фильм бөтен авторлық құқықты бұзбауы керек. Фильмде нәсілдік, ұлттық, діни ымырасыздық элементтері, азаматтардың құқықтары мен қадір-қасиетін зорлық-зомбылыққа және бұзуға шақырулар болмауы, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

15. Фестивальдің ұйымдастырушылары байқауға қатысқан жұмыстарды бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет басылымдарында авторды көрсете отырып жариялауға құқылы.

16. Командалар ұйымдастырушыларға **2021 жылдың 18 сәуіріне дейін дистанциондық форматта** Youtube <http://www.youtube.com> автордың арнасында MP4 форматында – орналастырылған бейнежазбаның сілтемесін жібереді. Нәтижелер жеке сынақта анықталады.

Конкурс қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **Оқушылар сарайының сайтында www.dshk.kz 2021 жылдың 22 сәуірінде жарияланады.**

5. Қатысушыларды марапаттау

27. Конкурс қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарлы анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталады. Конкурстың барлық қатысушыларына сертификат беріледі.

29. Диплом мен сертификаттың электронды нұсқалары жүктеу мүмкіндігімен www.dshk.kz сайтында орналастырылады.

Анықтама телефоны: **87472939354**, Дәулет Бейсембаевич Даирбаев

**«Қазақстан балалары шексіз әлемде!»
балалар киносының республикалық фестивалінің
облыстық кезеңіне қатысуға өтінім**

Номинациясы	Жұмыс-тың атауы	Орындаушының Т.А.Ә.	Туған жылы, сыныбы	Ұялы телефон номері (ватсап), мекенжайының адресі, эл. поштасы
«Деректі (ойынды емес) кино»				
«Ойынды кино»				
«STOP-MOTION»				
«Әлеуметтік жарнама, әлеуметтік ролик»				
«Анимация»				
«Музыкалық клип»				
«Теледидар сюжеті»				
«Киножурнал»				
«Ең үздік операторлық жұмыс»				